

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 673 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО - ның ескертпесі !

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілдіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығы .

Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2011 жылғы 1 наурыздағы 11-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ

ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидасы бекітілсін.

2. Акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталында қатысадының бақылау үлестерін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын және мемлекеттік кәсіпорындарды басқаратын мемлекеттік органдар (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) :

1) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың 2011 – 2013 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызмет жоспарына сәйкес 2011 жылға арналған өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруын;

2) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын

әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидасына сәйкес мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың 2012 – 2016 жылдарға арналған даму жоспарларының бекітілуін;

3) мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының мемлекеттік мүлік тізіліміне қосу үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірынғай операторға ұсынылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i> Қазақстан Үкіметінің 2011 № бекітілген	<i>Казақстан</i> <i>К. Мәсімов</i> Республикасы жылғы қаулысымен	<i>Республикасының</i> <i>масымдағы</i> 20 маусымдағы
---	--	--

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қафіда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының 7) тармақшасына және 185-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - АҚ), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі - ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын (бұдан әрі — даму жоспары) әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

- 1) ұйымдар-мемлекет бақылайтын АҚ және ЖШС, мемлекеттік кәсіпорындар ;
- 2) бірынғай оператор - мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру мен есепке алу

саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер жүктелген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған заңды

тұлға;

3) атқарушы орган - атауы ұйымның жарғысымен айқындалатын, атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын алқалы орган немесе тұлға;

4) тиісті саланың уәкілетті органы — мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) мемлекеттік басшылықты жүзеге асыратын және «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мұлікке қатысты құқықтарды иеленетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган;

5) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар - акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін және жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердегі қатысу үлестерін, мемлекеттік заңды тұлғалар құқығының субъектілерін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыруға, оның ішінде шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілген басқармалар (бөлімдер);

7) электронды есеп - ұйым бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланып дайындаған және ұйымның куәландырушы ұлттық орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын даму жоспары.

2. Даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі

3. Даму жоспары бес жылға жасалады және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында және мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында, аумақтарды дамыту бағдарламасында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі тұрғысынан тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) келісіледі.

4. Ұйымның даму жоспары мақсаттарды, міндеттерді, нәтижелер көрсеткіштерін және инвестицияларды қоса алғанда, қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі біріктілген және біріктілмеген көрсеткіштерін, кірістерді, шығыстарды, қарыздарды, дивидендтерді (таза кірістің бюджетке аударылатын бөлігі), қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп айқындаған даму жоспары бөлімдерінің құрылымына,

көрсеткіштердің нысандарына, тізбесіне және олардың құрамын қоса алғанда, нысандарды толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес көзделетін басқа да мәліметтеді қамтиды.

Даму жоспарын әзірлеу жөніндегі әдіснамалық қамтамасыз етуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган), стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін тиісті салалардың уәкілетті органдарын қоспағанда, мұналады:

1) мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасында) көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге және міндеттерді орындауға әкелетін ұйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасында) көрсетілген оның мақсаттары мен міндеттерін орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын сандық өлшенетін түйінді көрсеткіштерін әзірлейді және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне дейін ұйымға жеткізеді.

Түйінді көрсеткіштер тікелей нәтижелерді (белгілі бір көлемдегі және сападағы ұсынылған өнімді (жұмыстарды, қызметтерді), сондай-ақ түпкілікті нәтижелерді (оларды алушылар үшін ұсынылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) тиімділігі) көрсетуге тиіс.

Түйінді көрсеткіштер сапа көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) оны алушылардың үміттеріне сәйкес келу дәрежесі) және тиімділік көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өндірілетін бірлігіне пайдаланылатын ресурстарды төмендету) заттай немесе құндық мәнін қамтуы мұмкін.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілген жағдайларда тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілгеннен кейін бір айданың ішінде, ұйым үшін мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерді нақтылайды.

Ескеरту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5-1. Тиісті саланың стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне

д е й і н

ұ ы м ғ а :

1) тиісті саланың уәкілетті органының оның бюджеттік бағдарламасында көрсетілген бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерді орындауға әкелетін үйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) тиісті саланың уәкілетті органының оның бюджеттік бағдарламасында көрсетілген оның мақсаттары мен міндеттерін орындау бойынша үйымның қызметін сипаттайтын сандық өлшенетін түйінді көрсеткіштерін жеткізеді.

Түйінді көрсеткіштер тікелей нәтижелерді (белгілі бір көлемдегі және сападағы ұсынылған өнімді (жұмыстарды, қызметтерді), сондай-ақ түпкілікті нәтижелерді (оларды алушылар үшін ұсынылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) тиімділігі) көрсетуге тиіс.

Түйінді көрсеткіштер сапа көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) оны алушылардың үміттеріне сәйкес келуіне) және тиімділік көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өндірілетін бірлігіне пайдаланылатын ресурстарды төмендету) заттай немесе құндық мәнінде қамтуы мұмкін.

Бюджеттік бағдарламаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілген жағдайда тиісті саланың уәкілетті органы бюджеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін немесе жаңа редакцияда бекітілгеннен кейін бір айдың ішінде, үйымның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерін нақтылайды.

Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Қ а у л ы с ы м е н .

6. Тиісті жоспарланатын кезеңге арналған даму жоспарының жобасын әзірлеуді, сондай-ақ даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі әзірлеуді бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, үйымның атқарушы органы мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) бірінші жыл: бірінші жоспарланатын жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері толық (таратылып) жазылады, жоспарланатын келесі жылдары жиынтықталып (жинақталып), енгізілетін түзетулерді көрсете отырып, жылдар бөлінісінде көрсетіледі;

2) екінші жыл: бірінші жылдың бағалануы, екінші жыл толық (таратылып) жазылып, жоспарланатын келесі жылдары жиынтықталып (жинақталып), енгізілетін түзетулерді көрсете отырып, жылдар бойынша бөлінісі түрінде;

3) үшінші жыл: бірінші жылдың фактісі мен екінші жылдың бағалануы, үшінші жыл толық жазылып (таратылып), келесі жылдар жиынтықталып (

жинақталып), енгізілетін түзетулерді көрсете отырып, жылдар бойынша бөлінісі түрінде;

4) төртінші жыл: бірінші, екінші жылдардың фактісі және үшінші жылдың бағалануы, төртінші жыл толық жазылып (таратылып), келесі жылдар жиынтықталып (жинақталып), енгізілетін түзетулерді көрсете отырып, жылдар бойынша бөлінісі түрінде;

5) бесінші жыл: бірінші, екінші, үшінші жылдардың фактісі және төртінші жылдың бағалануы, бесінші жыл толық жазылып (таратылып) енгізілетін түзетулерді көрсетеді.

Даму жоспарында жиынтықталған көрсеткіштер, оның ішінде мақсаттарға және міндеттерге қол жеткізу бойынша көрсеткіштер, түйінді көрсеткіштер көрсетіледі. Даму жоспарына түсіндірме жазба түзетулерді ескере отырып, өткен жылдардың жыл сайынғы бағалануын және жоспарланған кезеңнің аяғына дейін алдағы кезеңнің жиынтықталған көрсеткіштерінің негіздемесін қамтиды.

Егер даму жоспарына түзетулер жиынтықталған көрсеткіштерге қатысты болмаса, олар бүкіл жоспар кезеңіне өзгеріссіз қалады.

Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Атқарушы орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) даму жоспарының жобасын, сонымен қатар жыл сайынғы түзетулерді (даму жоспарының екінші - бесінші жылдары) қарауға және келісуге жібереді.

Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қәсіпорындарда атқарушы орган даму жоспарының жобасын тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) келісуге енгізбестен бұрын оны алдын ала байқау кеңесімен келіседі.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) даму жоспарының жобасы түсken күннен бастап оны он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Атқарушы орган ескертулер болған жағдайда он жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) қайтадан келісуге жібереді.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) пысықталған даму жоспарының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Атқарушы орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың он бесінші қарашасына дейін келісілген даму жоспарының жобасын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің)
қ а р а у ы н а **е н г і з е д і .**

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі) даму жоспарының жобасын ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган он күнтізбелік күн ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайты және оны қайтадан акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің)
қ а р а у ы н а **ұ сынады .**

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі) пысықталған даму жоспарының жобасын он күнтізбелік **күн** **ішінде** **қарайды .**

9. Даму жоспарының жобасын, сондай-ақ бекітілген даму жоспарының түзетулерін акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша тиісті саланың уәкілеттік органды немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың жиырмада бесінші желтоқсанына дейін бекітеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Ұйым даму жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электронды есепке акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің, тиісті саланың уәкілетті органдың немесе жергілікті атқарушы органдың (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдың) оны бекіткені туралы сканерленген шешімін қоса тіркеп, электронды есепті мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) қосу үшін бірыңғай операторға жібереді.

11. Бірыңғай оператор ұйымның электрондық есебі түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына электрондық есепті тізілімге енгізгені туралы немесе оны қабылдаудан бас тарту себептері туралы
х а б а р л а м а **ж і б е р е д і .**

Ұйымның электрондық есебін қабылдаудан бас тарту негіздемесі:

1) электрондық есепке тіркелген осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген басқару органдының даму жоспарын бекіту туралы сканерленген шешімінің
б о л м а у ы ;

2) электрондық есепке ұйымға тиесілі емес ЭЦК-мен қол қоюы болып та б ы л а д ы .

Бірынғай оператор электрондық есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жояды және қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде электрондық есепті қайтадан енгізеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Қажет болған жағдайда даму жоспарын түзетуге жарты жылда бір рет қа на ж о л б е р і л е д і :

Атқарушы орган жартышылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей даму жоспарының өзгертілген жобасын тиісті негіздемелерімен қоса, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның) қа р а у ы н а е н г і з е д і .

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының түзетілген жобасын пысықтайтын және акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қайтадан ұсынады. Жартышылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) түзетілген даму ж о с п а р ы н б е к і т е д і .

Даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай жағдайларға :

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауына, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістерге, сондай-ақ ұйымның қызметіне елеулі өсері бар ішкі және сыртқы ортаның ө з г е р у і н е ;

2) ұйым қызметінің негізгі бағыттарының өзгеруіне;

3) мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне немесе көрсетілген

құжаттарды жаңа редакцияда қабылдауға, оның ішінде мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылуына немесе бюджеттік кредиттеуге байланысты жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Жыл сайын атқарушы орган акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) тиісті негіздемелерімен қоса, даму жоспарының (даму жоспарының екінші-бесінші жылдары) түзетілген жобасын қарауға ұсынады.

Даму жоспарының түзетілген жобасы даму жоспарының алдыңғы жылдарда іске асырылуын бағалау туралы ұсыныстарды, жоспарланатын кезең аяқталғанға дейін даму жоспарының жиынтықталған көрсеткіштерін қамтиды.

Байқау кеңесі бар шаруашылық журғизу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда атқарушы орган даму жоспарының түзетілген жобасын, оны тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) келісуге енгізенге дейін, байқау кеңесімен алдын ала келіседі.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) даму жоспарының түзетілген жобасын тиісті негіздемелерімен қоса келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күні

i sh i n d e

қ a r a й d y .

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының түзетілген жобасын пысықтайды және оны акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) қайтадан ұсынады.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) даму жоспарының пысықталған жобасын он күн ішінде қарайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Атқарушы орган даму жоспарына түзетулер енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электронды есепті осы Қағиданың 10 және 11-тармақтарына сәйкес Тізілімге енгізу үшін бірыңғай операторға беруді қамтамасыз етеді.

3. Даму жоспарының мониторингі және іске асырылуын бағалау

16. Даму жоспарының іске асырылуына мониторингіні тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының (аумақтарды дамыту бағдарламасының) көрсеткіштерін орындау туралы ақпаратты талдау және қорыту және қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін орындау мақсатында жүзеге асырады.

17. Ұйымның даму жоспарының іске асырылу мониторингі директорлар кенесі, байқау кенесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) ұйымның даму жоспарын орындау жөніндегі есебін бекіткеннен кейін жыл сайын отыз күнтізбелік күннің ішінде жүргізді .

Ұйымның даму жоспарының іске асырылу мониторингі даму жоспарының және директорлар кенесі, байқау кенесі, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) бекіткен ұйымның даму жоспарын орындау жөніндегі есебі негізінде жүргізді .

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашкы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

«17-1. Ұйымның даму жоспарының іске асырылу мониторингі мыналарды:

1) қызметтің жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді көрсеткіштері, оларға қол жеткізілмеу себептері туралы ақпаратты;

2) еркін түрде жазылатын және мынадай мәліметтерді:

есепті кезенде даму жоспарын іске асыру қорытындылары туралы қызметтің түйінді көрсеткіштері, мақсаттары мен міндеттері бөлінісінде, оның ішінде оларға қол жеткізілу дәрежесі туралы (нақты нәтижелердің жоспарланғандардан ауытқулары болған жағдайда, түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашып көрсету қажет);

даму жоспарын іске асыру процесінде туындаған проблемалар, олардың қызметтік мақсаттары мен түйінді көрсеткіштеріне ықпалы, сондай-ақ анықталған проблемаларды шешу мен даму жоспарының уақтылы іске асырылуын қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шараларды қамтитын талдама

ж а з б а н ы ;

3) ұйымның даму жоспарын іске асыруды жалғастыру жөніндегі, ұйымның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жауапты орындаушылардың жоспарланған іс-шараларды уақтылы іске асыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауы және басқа да ұсынымдарды;

4) қажет болған жағдайда жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, ресурстарды қайта бөлуді, тиімсіз болған іс-қимылдарды тоқтатуды қайта қарауды және проблемаларды шешу мен осал жерлерді жөндеуде жаңа тәсілдер әзірлеуді

қ а м т и д ы .

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Қ а у л ы с ы м е н .

17-2. Мониторингтің нәтижелерін тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган), мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңесі (байқау кеңесі) ұйымның даму жоспарының мақсаттарына, міндеттеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізу

мақсатында

қ о л д а н а д ы .

Ескерту. Қағида 17-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Қ а у л ы с ы м е н .

17-3. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) мониторинг нәтижелерін, осы Қағиданың қосымшасына сәйкес «Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі» бағдарламалық қамтамасыз етуді (қол қойылған және мөрмен расталған қағаз түріндегі қорытындының сканерленген көшірмесін қоса бере отырып) пайдалана отырып, электронды түрде мемлекеттік мүлік тізіліміне қосу үшін жібереді, оларға тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады.

Бірыңғай оператор мониторингтің нәтижелері түсken күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайына мониторинг нәтижелерінің тізілімге енгізілгені туралы немесе оны қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарлама жібереді. Бірыңғай оператордың мониторинг нәтижелерін қабылдаудан бас тарту негізdemесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның осы Қағидада көрсетілген талаптарды бұзуы

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Бірыңғай оператор мониторинг нәтижелерін қабылдаудан бас тартқан

жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган ескертулерді жояды және мониторинг нәтижелерін қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде мониторинг нәтижесін бірыңғай операторға қайтадан енгізеді.

Ескерту. Қағида 17-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17-4. Ұйымның даму жоспарының іске асырылу мониторингінің нәтижелері мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.

Ескерту. Қағида 17-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС даму жоспарының іске асырылуын бағалауды аудителген қаржылық есепті бекіткеннен кейін, олардың директорлар кеңесі, байқау кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындардікін - тиісті саласының уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) жүзеге асырады.

19. Ұйымның даму жоспарының жүзеге асырылуын бағалау тізбесінің көрсеткіштері:

1) ұйымның даму жоспарының орындалуын елдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының орындалуына сәйкестігіне;

2) ұйым қызметінің қаржы көрсеткіштерінің орындалуын;

3) инвестициялық (инновациялық) жобалардың іске асырылуын;

4) корпоративтік басқаруды;

5) басқа да мақсаттардың, міндеттердің орындалуы және ұйымның бекітілген даму жоспарында көрсетілген қызметтердің болжамды түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу ді бағалауды қамтиды.

20. Даму жоспарын іске асыруды бағалау нәтижелерін атқарушы орган бірыңғай операторға даму жоспарының іске асырылуын бағалау бекітілгеннен кейін бес күн ішінде акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесі, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) шешімінің сканерленген көшірмесімен қоса ұсынады.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидасына қосымша

Ескерту. Қағида қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1710 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне, түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу

1 * 2 * 3 * 4 * 5 *	Максат	Міндеттер	Қызметтің түйінді көрсеткіштерінің (бұдан әрі – ҚТК) атауы**	Өлишем бірлігі	Өткен жыл бойынша есепті кезеңінің бірінші жылына		20__ж. (есепті кезең)		на ес ж. на өт —
					жоспар	нақты	нақты	жоспар	
1 мақсат	1-міндет n-міндет	1-ҚТК n- ҚТК			өткен ж. %	өткен жылдың жоспарына ж.	нақты — ж. %	нақты нақтыжоспар — ж.	
N мақсат	1-міндет n-міндет	1-ҚТК n- ҚТК							

* мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту жоспарында), бюджеттік бағдарламада көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын көрсеткіштері

** қызметтің түйінді көрсеткіші ұйымның мақсатына байланысты болады

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі

р/ с №	Ұйымның атауы	Қызметтің басты түрі	Меншік түрі	Облыстық екімшілік-аумақтық бірлік	Борыштық жүктемесі мың тенге			Салықтар, бюджетке түсетін басқада міндетті төлемдер, мың теңге		
					есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылдың алдындағы жылға %	есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылға %
1	ұйым									

кестенің жалғасы

Инвестициялар:

меншікті мың теңге			бюджеттік мың теңге			заемдық мың теңге			барлығы мың теңге		
есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылға %	есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылға %	есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылға %	есепті жыл	есепті жылдың алдындағы жыл	есепті жылға %

кестенің жалғасы

Жаңадан жұмыс орындарын ашу			Жергілікті қамтуды көбейту шаралары		Активтердің қайта құрылымдау			Кіріс мың тенге			Шығыс ішегі	
есепті	есепті	есепті	сатып	активтің	акциялар	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	
жыл	жылдың	жылдың	алу	түрі (бейінді, бейінсіз, өзге)	пакетін шығырылуының % (көтүсү үлесі)	жыл	жылдың	жылдың	жылдың	жыл	жыл	

Кестенің жалғасы

Каржылық нәтиже мың тенге			Дивидендтер мың тенге			Тізім бойынша қызметкерлердің орсаны		
Пайда мың тенге		Шығын мың тенге						
есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті	есепті
жыл	жылдың	жылдың	жыл	жылдың	жылдың	жыл	жылдың	жыл

Кестенің жалғасы

Еңбекақы төлеу қоры мың тенге			Каржылай тұрақтылық		
есепті	есепті	есепті	активтердің	Каржылай тұрақтылық	(
жыл	жылдың	алдындағы жыл	тиімділігі	тұтқасының каражы леверидждін) әсері	EBITDA
		есепті жылдың алдындағы жылға %			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖР РМК